ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС №4 ХАТТАМАСЫ

«Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ақсу қаласы
(Қала, ауыл)

29 желтоқсан 2025
(ай, күні)

Өткізілген уақыты: сағат 18.00
Өткізілген орыны: 23 кабинет
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.С.Калымова
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 17 адам
Қатыспағандар 6 адам
Шақырылғандар: Мектеп директоры Қ.Б.Шайгазин.

Күн тәртібі

2. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.

2. Мектеп директорының 2025 жылына мектеп жұмысы бойынша қаржылай есебі.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ: қамқоршылық кеңестің төрағасы Калымова А.С. есебі.

Қ.Қамзин жалпы орта білім беретін мектебінің қамқорлық кеңесі 2024 жылдың қаңтар айынан бастап желтоқсан айына дейінгі аралықта келесі жұмыстар атқарды:

Өз сөзінде өткен оқу жылы барысында қамқоршылық кеңесі мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мектептегі тәрбие жұмысына қоғамдық бақылау жүргізу бағытында жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Атап айтқанда, әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры есебінен көрсетілетін көмекті ұйымдастыру, оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Ай сайынғы асхананы тұрақты тексерістер болды, тексеріс нәтижесі мониторинг АКТ-сі толтырылды.

Сонымен қатар мектепте өткізілетін тәрбиелік іс-шараларға қолдау көрсету, ата-аналармен байланыс орнату, мектептің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту және оқушыларға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді.

Қамқоршылық кеңесінің алдағы кезеңдегі жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында бір жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, кеңес мүшелерінің қарауына ұсынылды. Жоспарда әлеуметтік қолдау, қоғамдық

бақылау, оқушылардың қауіпсіздігі, ата-аналармен ынтымақтастық және қайырымдылық көмек көрсету мәселелері қамтылды. Міндетті мектеп формасысына қойылатын талаптардың орындалуы мен Оқушылардың мектеп формасына қойылатын талаптар қарастырылып, оқушылар мен ата-аналар таныстырылды.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Мектеп директоры Шайгазин Қ.Б. білім беру ұйымын күтіп-ұстауға бюджеттен бөлінген бюджет қаражаты мен бюджеттен тыс қаражаттың жұмсалуы туралы баяндама жасады.

Әрбір ата-ана мемлекет тарапынан балаларының білім алуына қанша қаражат бөлінетінін білуі маңызды. Барлығымыз үшін жүздеген мың салық төлеушілердің есебінен қалыптасатын қаражаттың тиімді әрі мақсатты жұмсалуы маңызды. Енді қаржылық есептілікке тоқталайық.

Шағын орталыққа – 22 635 000 теңге.

Оның ішінде:

- Салықтар мен аударымдарды қоса есептегенде қызметкерлердің еңбекақысына – 21 018,5 000 теңге;

- Көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың тамақтануына – 656 000 теңге;

- Шаруашылық материалдарын сатып алуға – 90 000 теңге.

Мектепке – 330 251 000 теңге.

Оның ішінде:

- Қызметкерлердің еңбекақысына, салықтар мен аударымдарды қоса есептегенде – 294 634 000 теңге;

- Интернет және абоненттік төлемдерге – 278 000 теңге;

- 1–4-сынып оқушыларының тамақтануына – 7 370 000 теңге;

- Коммуналдық қызметтерге (электр энергиясы мен су) – 9 201 000 теңге;

- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры - 4 806 000 теңге.

Подвоз - 5 230 000 теңге.

- Салықтар мен аударымдарды қоса есептегенде қызметкерлердің еңбекақысына -1 652 000 теңге.

Шешім қабылданды:

2. Қамқоршылық кеңес жұмысының алдағы жылдағы жоспары құрылып, кестесі бекітілсін.

Қамқорлық кеңес төрағасы : Калымова А.С. /_____/
(аты жөні) *қолы*

Жагипова А.М._____
Жарылгасын Б.О._____
Абдрашева А.Г._____
Кабылбекова М.Г._____
Молдабаева Г.М._____
Мухомеджанова А.Т._____
Хазез Н._____
Сембаева А.А._____
Айтмагамбетова У.Ж._____
Жумабекова Д.К._____

Секретарь: _____ Ибраева Б.А.